

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



«Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «ЗАМАНАУИ  
ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ» тақырыбындағы  
халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының  
ЖИНАҒЫ

22-сәуір, 2022 ж.

СБОРНИК

материалов Международной научно-практической конференции  
посвященной 60-летию кафедры «Педагогика» на тему: «СОВРЕМЕННОЕ  
ОБЩЕСТВО И ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ»

22-апреля, 2022 г.

COLLECTION

of materials International scientific and practical conference dedicated to the 60th  
anniversary of the department «Pedagogy» on the topic: «MODERN SOCIETY AND  
PEDAGOGICAL EDUCATION»

22-April, 2022 y.



Нұр-Сұлтан, 2022

**ӘОЖ 37.0**

**КБЖ 74.00**

**II 23**

**Редакция алқасы:**

**Д.Қамзабек** - фил.ғ.д., профессор, Басқарма мүшесі - әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор, **Б.Ж.Сомжүрек** - «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы, **М.П.Асылбекова** - «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор м.а.; **Р.К.Төлеубекова** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Қ.Шалғынбаева** - п.ғ.д., профессор; **Г.Қ.Длиббетова** -п.ғ.д., профессор; **Б.П.Сейтқазы** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Т.Атемова** - п.ғ.д., профессор; **Г.К.Шолпанқұлова** - п.ғ.к., профессор м.а., **Г.Т.Уразбаева** -п.ғ.д., профессор м.а.; **С.С.Байсарина** -п.ғ.к., доцент; **Байменова Б.С.** - п.ғ.к., доцент; **Ботабаева Ә.Е.** - п.ғ.к., доцент; **Т.С.Слаббекова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Н.П.Албытова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Балтабаева Ж.Б.** - магистр.

ISBN 978-601-337-659-2

Жинақта Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «**ЗАМАНАУИ ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ**» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының Пленарлық мәжілісінде және «Білім беру мегатрендтері және олардың педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуға әсері», «Қазақстандық педагогика болашақтың педагогтарын даярлаудың негізі ретінде», «Педагогикалық іс-әрекеттегі коллаборация бірыңғай білім беру кеңістігін дамыту ресурсы ретінде» деп аталатын секция жұмыстары бойынша тыңдалған баяндамалар қамтылды. -821бет.

ОӘЖ 37.0  
КБЖ 74.00

ISBN978-601-337-659-2

## СТУДЕНТТЕРДІ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНА ДАЙЫНДАУ

Албытова Н.П.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Өлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан,  
[nalbytova@mail.ru](mailto:nalbytova@mail.ru)

**Аннотация.** В статье рассматривается научно-исследовательская работа студентов (НИРС) и ее значение в подготовке специалистов. Одним из способов вовлечения студентов в научно-исследовательскую работу является студенческий научный кружок, цель и задачи которого также представлены в статье. В связи с этим предлагаются принципы организации научного кружка студентов.

**Ключевые слова:** научно-исследовательская работа студентов, научный кружок студентов, цель кружка, задачи кружка, принципы организации научного кружка студентов

**Annotation.** The article discusses the scientific-research work of students (SRWS) and its importance in the training of specialists. One of the ways to involve students in scientific-research work is a student scientific circle, the purpose and objectives of which are also studied in the article. In this regard, the principles of organizing a scientific circle of students are proposed.

**Keywords:** scientific-research work of students, scientific circle of students, the purpose of the circle, the tasks of the circle, the principles of the organization of the scientific circle of students

Қазақстандық жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру жағдайда жоғары мектептің негізгі міндеті – жан-жақты дамыған, өз білімін үздіксіз толықтыруға және тереңдетуге, теориялық және кәсіби деңгейін арттыруға, ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуге белсенді қатысуға қабілетті мамандарды даярлау.

Осы мақсатта жоғары мектепте білімді, ғылымды және өндірісті интеграциялау, оқу материалының мазмұнын жедел және икемді жаңарту арқылы оқу-тәрбие процесі мен ғылыми-зерттеу жұмысының тиімділігін арттыруға бағытталған шараларды жүзеге асыру басты назарда болып отыр.

Білім алушылармен дұрыс әрі жүйелі ұйымдастырылған ғылыми-зерттеу жұмыстары оң нәтижелер беретіндігі белгілі. Студенттерді ғылыми жұмысқа баулу маман даярлау сапасын арттыру, мамандығына орай шығармашылық ойлауды дамыту және практикалық қызмет дағдыларын қалыптастыру жолдарының бірі болып табылады.

Студенттерді ғылыми-зерттеу жұмыстарымен шұғылдандырудағы басты маңызды міндет ғылыми мәселелерді шешу ғана емес, оларды дербес жұмысқа тарту, білімін тереңдету, қойылған міндеттерді шешуде шығармашылық қабілеттерін пайдалана білу дағдыларын дамыту болып табылады. Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дәстүрлі оқу сабақтары арқылы дамыту мүмкін емес. Ондай іскерліктер мен дағдылар белгілі бір ұжымдық зерттеу, шығармашылық жұмыстарды орындау, эксперименттер жасап байқау, зерттеу нәтижелерін көпшілік алдында баяндап талқылау және т.б. процестерде қалыптасып дамиды.

Әрине, СҒЗЖ мазмұны бірыңғай білім беру процесінің ажырамас бөлігі ретінде студенттердің оқу жұмысы негізінде қалыптасады, оны келесідей негізгі кезеңдерге бөлуге болады:

- Оқу процесіне енгізілген студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау құралдары мен тәсілдерін игеруден, сондай-ақ өзіндік жеке оқу-зерттеу жұмысын жүргізуден тұрады;

- Оқу үдерісін толықтыратын студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы;
- Оқу процесінен тыс студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы [1].

Студенттермен педагогикалық бағыттағы мамандықтар бойынша ұйымдастырылатын ғылыми-зерттеу жұмыстары келесідей негізгі міндеттерді орындауға бағытталады:

- Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу әдістемесімен танысу;
- Ғылыми педагогикалық әдебиетті терең зерттеу негізінде өз бетінше шығармашылық ізденіс дағдыларын игеру;
- Қазіргі заманғы компьютерлік техникамен жұмыс істеу әдістемесін меңгеру;
- Педагогикалық озық тәжірибелерді талдау, зерделеу;
- Білім беру жүйесіндегі ғылыми жаңалықтарды анықтау;
- Ғылыми үйірмелер мен конференция отырыстарында аудитория алдында ғылыми баяндау, сөз сөйлеу дағдыларын игеру.

Бірқатар ғалымдар студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоғары оқу орындарында маман даярлаудың ажырамас бөлігі ретінде қарастырса, енді бірқатар ғалымдар оны арнайы зерттеу объектісі етіп алып, жүйелі түрде өзіндік мектебін қалыптастырып келеді: Т.С.Сабыров, Ш.Таубаева, С.Ж.Ибадуллаева, В.В.Краевский, Е.В.Бережнова, В.И.Загвязинский, А.Е.Әбілқасимова, Г.К.Баймукашева, Ю.К.Васильев, Н.М.Загузов, А.М.Новиков, З.А.Демченко, және т.б. [1;2;3;4;5;6].

Зерттеушілердің бір тобы жоғары оқу орындарында студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруда, жоспарлауда нақты кешенді жағдайлар жасауды қолдайды [5].

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастырудың кешенді жағдайлар жасау тәсілінің негізгі талабы оқу, ғылыми және тәрбие жұмысының мақсаттары мен бағыттарының органикалық бірлігі, оқу процесінде және оқудан тыс уақытта іске асырылатын студенттердің ғылыми жұмысының барлық формалары мен әдістерінің өзара тығыз байланыстағы іс-қимылы болып табылады. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына кешенді жағдайлар жасау жүйесі студенттердің ғылыми жұмысқа бүкіл оқу кезеңі ішінде үздіксіз қатысуын қамтамасыз етуді көздейді.

Студенттерге ұсынатын ғылыми-зерттеу жұмысы олардың меңгерген білім, іскерлік және дағдыларын біртіндеп күрделендіріп отыру қағидасына сүйенеді. Бұл қағида негізінде студенттер қосымша ғылыми әдебиеттермен танысып, талдау жасауға мүмкіндік береді.

Университеттерде студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын өзара байланысты формада, оқу процесімен бірге және оқудан тыс уақытта деп шартты түрде екі топқа бөліп қарастыру да бар. Олар: оқу зерттеушілік жұмыстар, лабораториялық жұмыстар, зерттеу жұмыстарын педагогикалық практика кезінде (өндірісте) жүргізу, дипломдық немесе нақты ғылыми жобалар, студенттердің ғылыми семинарлары.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану (бұған дейінгі педагогика) кафедрасы – үш бағытта және үш деңгейде мамандар даярланатын, өзіндік ғылыми әлеуеті қалыптасқан университеттің, факультеттің үлкен ұжымы. Кафедрада әр жылдарда студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы түрлі формада ұйымдастырылып келеді. Соңғы жылдары ашылған мамандықтарға сәйкес студенттердің ғылыми-зерттеу үйірмелері ұйымдастырылды. Кафедрада қоғамдағы әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану проблемасының өзектілігін ескере отырып, осы бағыттағы білім алушылар үшін «6В01823-Әлеуметтік педагогиканың қазіргі заманғы мәселелері» (ғылыми жетекшісі: п.ғ.д., профессор Г.Т.Уразбаева) және білім беру жүйесінің сабақтастығы принципінен туындайтын «6В01201– Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту», «6В01103 –Педагогика және психология» дайындау бағытындағы білім алушылармен «Тұлға дамуының педагогикалық-психологиялық мәселелері» (ғылыми жетекшісі п.ғ.к., профессор м.а. Н.П.Албытова) деп аталатын студенттердің ғылыми үйірмесі жұмыс жасайды.

Студенттердің ғылыми үйірмесін ұйымдастыруда «Студенттердің ғылыми үйірмесі туралы Ереже», әрбір оқу жылына арналған жұмыс жоспары дайындалып, жұмыстың орындалуы туралы хаттама толтырылады және кафедра отырыстарында есеп беріледі.

Осы орайда, ұзақ жылдар студенттермен тікелей қарым-қатынаста болып, олармен ғылыми-зерттеу жұмыстарын (СҒЗЖ) ұйымдастыру тәжірибесі студенттер тарапынан жылма-жыл қайталанатын кедергілердің болатынын байқатады. Біріншіден, студенттер

тарапынан өздерінің ішкі мүмкіндіктерін толық тани алмауы, екіншіден, СҒЗЖ-ны орындауға негіз болатын базалық дайындықтың кемдігі. Яғни, студенттердің ғылыми әдебиеттермен жұмыс жасау дағдыларының аздығы, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуға уақытты рационалды бөле амауы, СҒЗЖ ұйымдастыру әдіс-тәсілдерін білмеуі. Осыдан, кафедрада ұйымдыстырылған студенттердің зерттеу үйірмелері 1-4 курс студенттерін ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге көптеп тарту арқылы зерттеу жұмысына машықтандыру мақсатын қойды.

Бірінші кезекте академиялық топтың мақсатына қарай зерттеу тақырыбын анықтау проблемасы туралы ақпарат берілді. Онда тақырыпты дұрыс қоюдың маңызы, тақырыпты таңдаудағы түрткілер, таңдау ережелері, тақырып таңдау ұстанымдары нақты мысалдармен көрсетілді.

Осыдан соң таңдалған тақырып бойынша ғылыми әдебиетпен жұмыс жасау - қандай да бір ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі құрамдас бөлігі, зерттеу кезеңінің негізі болатындығына тоқталдық. Ғылыми әдебиеттермен танысып, талдау зерттелетін тақырып туралы бастапқы ақпарат алуға, зерттелетін мәселенің өзектілігін анықтауға жәрдемдеседі. Әдебиетті терең меңгеру зерттелетін тақырып туралы белгілі немесе белгісіз жайттарды айқындауға, осыған дейінгі жасалған концепцияларды, жинақталған педогогикалық тәжірибелерді тіркеуге, зерттелу нысанын нақты белгілеуге бағыт беретіндігі дәлелді баяндалды.

Ғылыми-зерттеу жұмысының сенімділігі оның ғылыми және практикалық маңыздылығын арттырады. Сондықтан зерттеу жұмысын жүргізуде зерттеу базасын белгілеу басты мәселе болып табылады. Мұнда университет тарапынан бекітілген кафедра филиалдарын ғылыми зерттеу алаңына тарту тәжірибесі қалыптасып келеді. Мәселен, "№48 мектеп-лицейі, №80 мектеп-гимназиясы, "№88 мектеп-лицейі және Қаз ГЗУ гуманитарлық заң колледжі 6B01103-Педагогика және психология, ал № 93 «Айгөлек», №54 «Нұр-ай», №7 «Аққу» балабақшалары 6B01201 – «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» Білім беру бағдарламаларының студенттері үшін негізгі база болып келеді. Демек, студенттер педагогикалық практикалық мен ғылыми зерттеу жұмыстарын тұрақты түрде жүргізеді.

Студенттердің ғылыми-зерттеу үйірмесін ұйымдастыруда кафедраның профессор-оқытушылар құрамының белсенділігі қажет. Әрине, білім алушының субъектілігі негізгі міндет болғанымен, оларға ғылыми бағыт-бағдар беру жұмыстың нәтижелілігінің кепілі. Соның нәтижесінде кафедрада студенттерді ғылыми-зерттеу үйірмесіне қатысып, ғылыми баяндамалар, мақалалар және жобалар дайындап, республика көлемінде жүлделі 1, 2,3 орындарға ие болды.

Сонымен, өз тәжірибемізге сүйене отырып, білім алушыларды ғылыми-зерттеу үйірмесіне қатыстыруда төмендегідей принциптерді басшылыққа алуды ұсынамыз:

- академиялық топтағы пәндер мен ғылыми зерттеу жұмыстарының сабақтастығы;
- диалогтік;
- жүйелілік;
- жекелік және ұжымдық зерттеу байланысы.

Академиялық топтағы пәндер мен ғылыми зерттеу жұмыстарының сабақтастығы принципі студенттердің ғылыми-зерттеу үйірмесінде зерттеу бағыттарының білім беру бағдарламасы мақсаттарынан туындауын көздейді. Яғни, болашақ мамандығымен байланыстыруға, сатылап дипломдық жұмыс (жоба) жазуға дайындайды.

Диалогтік принцип білім алушылардың білім беру процесінің толыққанды субъектісі ретінде сезініп, білім беру ортасымен дұрыс қарым-қатынас жасай білу, өз-өзіне сенімді болу, нақты қадамдар жасауға ықпал етеді.

Жүйелілік принципі оқу, практика және ғылыми зерттеудің қатаң логикалық сабақтастығына құралады. Жүйелілік оқу материалын меңгеруді практикалық тапсырмаларды шешумен сабақтастырып, ғылыми зерттеуге ұластыруға көмектеседі.

Жекелік және ұжымдық зерттеу байланысы принципі әр білім алушының жеке даралығын ескеріп, оның интеллектуалдық дамуы мен ғылыми іс-әрекетіне қолдау көрсету, сонымен қатар ұжымда бірлесіп қызмет етуге жағдай жасау болып табылады.

Демек, студенттерді ғылыми-зерттеу үйірмесіне тарту олардың өздерінің ішкі әлеуеттерін танып, мүмкіндіктерін толық іске асыруға, өз қызметін ұтымды ұйымдастыруға, ғылыми-зерттеу дағдыларын дамытуға жағдай жасайды демекпіз.

### Әдебиеттер

1. Демченко, З.А. Научно-исследовательская школа студента исследователя / З.А. Демченко // Высшее образование в России, 2010. — №12. — С. 155–158.
2. Таубаева Ш.Т. Исследовательская культура учителя: методология, теория и практика формирования. - Алматы: Алем, 2000. – 381 с.
3. А.Е. Әбілқасымова Студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру. – Алматы: «Білім», 1994. - 192 б.
4. Г.К. Баймукашева «Ғылыми зерттеу әдістері» - Арнайы курс. — Атырау: Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің баспа орталығы, 2008. – 35 б.
5. Бережнова Е.В. Основы учебно-исследовательской деятельности студентов: Учебник для студ. сред. пед. учеб. заведений / Е.В. Бережнова, В.В. Краевский. — М.: Издательский центр Академия, 2005. — 128 с.;
6. Ибадуллаева С. Ж. Студенттердің ғылыми зерттеу жұмысының кешенді жүйесі [Текст] / С. Ж. Ибадуллаева, А. А. Нургалиева, Г. Жусипова // Молодой ученый. — 2015. — №7.1. — С. 45-47

### МЕКТЕП ПСИХОЛОГЫНЫҢ АГРЕССИВТІ ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Ботабаева А.Е.**

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Нұр-Сұлтан қаласы

**Дәуренбекова А.К.**

Аға оқытушы  
М.Х. Дулати Тараз өңірлік университеті, Тараз қаласы

**Данияр Ш.Д.**

«Психология: Практикалық психологты даярлау» білім беру бағдарламасының 2-курс студенті

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қаласы

E. mail: [Ademi\\_e76@mail.ru](mailto:Ademi_e76@mail.ru)

**Аннотация.** Школьные психологи проводят работу с агрессивными учениками на рабочем месте. В статье рассмотрены эффективные методы выявления и коррекции агрессивности учащихся в процессе деятельности психолога. Рассматривались следующие вопросы: трезвый взгляд в условиях малой агрессии; внимание не к личности, а к задаче-желанию; и т.д.

**Ключевые слова:** школьные психологи, выявления, профилактика, агрессивность школьников, родители, педагог.